

Қамқоршылық кеңесінің №1 ХАТТАМАСЫ

Талғар қаласы

21 қыркүйек 2018 ж.

Қатысқандар: 9 адам

Үмбетова Наиля Бейсенбаевна - инновациялық білім орталығының директоры
Сембаев Амангелді Тлеубердіұлы – кеңес мүшесі, жеке шаруашылық төрағасы.
Омарбаев Максұт Қасымбекович – кеңес мүшесі, ЖШС «ZETA» директоры.
Құрмашова Айнұр Жанибековна – ата-ана, Алматы облыстық тубекркулез диспансері, врач-бактериолог
Нұрметов Бауыржан Бақытжанұлы - ТААІПБ-нің ювеналды полиция тобының инспекторы
Есмағамбетова Жазира Муратовна – кеңес мүшесі, «Тексти Маркет», бас директор
Мамриева Ғалия Ахановна - «Ғалия» тігін шеберханасының директоры
Хилажев Анвар Олегович – кеңес мүшесі, ТОО «Глазман» директоры.
Қалымбетова Замира Нурланқызы –Талғар аудандық жастар ресурстық орталығының жетекшісі.

КҮН ТӘРТІБІ :

1. «Қамқоршылық кеңестің» ережесімен, мақсат-міндеттерімен, құру тәртібімен таныстыру
2. «Қамқоршылық кеңестің» мүшелерін сайлау
3. Әртүрлі көкейкесті, әлеуметтік-материалдық мәселелерді көтеру

1. **Күн тәртібіндегі 1-мәселе бойынша** колледж директоры Садыкова Райхан Нұрмұрзаевна жиналысты ашық деп жариялап күн тәртібімен таныстырып өтті. Онда бірінші сұрақ бойынша сөз алып, жиналысқа қатысушыларды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің 2017 жылғы 27шілдедегі №355 бұйрығы, Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2017жылғы 29 тамызда №15584 болып тіркеген хатын, «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 44-бабының 9 тармағын, Талғар ауданының « Білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылғы 4 қаңтардағы №5-Н бұйрығын басшылыққа ала отырып «Қамқоршылық кеңестің жұмысын ұйымдастырудың туралы» ережесімен таныстырып өтті. Сонымен қатар колледждің стратегиялық жоспары туралы да біраз мәлімет берді.

Келесі кезекте колледждің тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Жеңісгүл Болатжанқызы сөз алып, қамқоршылық кеңесінің жұмысы туралы толық ақпарат берді. Қамқоршылық кеңесі қоғамдық бірлестік, бірге басқарудың қоғамдық-мемлекеттік түрлерін дамыту және білім беру жүйесі, ізгілік қызметтері мекемелеріне қолдау жасауға қосымша қаржы арту мақсатында құрылатындығын айта келіп, міндеттеріне тоқталды.

А) Жалпы білім беру ұйымының жұмысының айқындығын арттыруға және жетілдіруге бағытталған бастамалар ұсыну және оны талқылау.

Ә) Жалпы білім беру ұйымының материалдық-техникалық базасы мен оқу базасын нығайту және жетілдіру, оның аумағы мен кабинеттерін көбейту.

Б) Білім беру үдерісін іске асыру жағдайын жақсартуға, оқушылардың өмірі мен денсаулығын сақтауға жәрдем көрсету.

В) Колледж ұжымы жұртшылықпен тиімді қарым-қатынасы үшін жағдай жасау.

Г) Әлеуметтік жағдайы төмен отбасылар аз қамтылған, ата-ана қамқорлығынан

айырылған балаларды қолдау мақсатында әлеуетін күшейту.

Ғ) Қаржыландырудың қосымша көздерін колледжге тартуға жәрдем беру.

Д) Оқушылардың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғау. Колледж директоры қамқоршылық кеңестің қосымша бюджеттен тыс қаржыларды тарту және жұмсау түрлері мен тәртібіне тоқталып өтті.

2. Күн тәртібіндегі 2-мәселе бойынша сөз алған колледж директоры Қамқоршылық кеңес құрамына кімдер ену керектігіне, олардың функционалдық міндеттеріне тоқталып өтті. Жиналысқа қатысушылардың ортақ ұсынысымен Қамқоршылық кеңес төрайымына Үмбетова Наилия Бейсенбаевна бірауыздан сайланды.

3. Күн тәртібіндегі 3-ші мәселе бойынша Сембаев Амангелді Тлеубердіұлы қамқоршылық кеңесінің құрылғанын қолдап, сайланған кеңес мүшелерін құттықтап, ендігі жолда бірауыздан кеңес жұмысын дұрыс жүргізейік деп атап өтті. Сонымен қатар, балаларға өз жетістіктеріміз туралы айтып, болашаққа қызығушылығын оятуымыз қажет. Қолдан келгенше көмек беруге дайын екендігін айтты.

Келесі кезекте Үмбетова Наилия Бейсенбаевна біз өз тарапымыздан жетім, қамқорлықсыз қалған балаларға қолдау көрсетуіміз керек. Колледждегі тәртіп пен тәрбие де басты назарда болуы қажет.

ТААҰБ-нің ювеналды полиция тобының инспекторы Нұрметов Бауыржан мырза өзінің заң жағынан көмек беруге даяр екендігін айтты.

ЖШС «ZETA» директоры Омарбаев Максұт: Біз жылдан жылға дамып, кеңейіп келеміз. Біздің өндіріс орындарына білікті жұмысшы мамандар қажет. Ол әрине сіздердің бітіруші түлектеріңіз. Бұл бастаманы қолдаймын.

ТОО «Глазман» директоры Хилажев Анвар Олегович колледжбен тығыз қарым-қатынаста екенін айтты. Жылдан жылға колледж түлектерін жұмыспен қамтамасыз етіп отырмыз. Себебі, колледж білікті де білімді маман даярлайды. Жетім, ата-анасының қамқорлығынсыз қалған балаларға көмек беруге әрқашан дайынбыз.

Ата-ана: «Балаларға әрине қолдау, көмек қажет. Қай жағынан болса да. Тәрбие жағынан, жұмысқа орналастыру жағынан, өндірістік тәжірибеден өту жағынан болсын. Баламыздың білікті де білімді маман болып шығуы сіздердің қолдарыңызда. Ата-аналар тарапынан қандай көмек қажет болса, біз әрқашан дайынбыз. Себебі балалар – біздің болашағымыз, еліміздің болашағы» - деп өз ойын отырғандарға жеткізе білді.

Қорытынды сөзді колледж директоры Садыкова Р.Н. алды. Директорымыз сайланған кеңес мүшелерін құттықтап, алғысын білдірді.

Шешім:

2018-2019 оқу жылының басында «Талғар политехникалық колледжінде» Қамқоршылық кеңесінің отырысы өтті. Онда келесі шешімдер қабылданды:

1. Қамқоршылық кеңестің төрағасы (төрайымы) болып бірауыздан Үмбетова Н.Б. сайлансын;
2. 2018-2019 оқу жылына арналған Қамқоршылық кеңестің жұмыс жоспары бекітілсін;
3. Қамқоршылық кеңестің жұмысын реттейтін нормативтік-құқықтық актілер бойынша ақпараттар назарға алынсын;

4. Шұғыл мәселелерді шешу үшін әлеуметтік желілерде колледждің Қамқоршылық кеңесінің жұмыс тобы құрылсын;
5. Қамқоршылық кеңесіне жалпы колледж ішілік және ата-аналары комитетімен қарым - қатынас жасауды жүзеге асырылып, педагогикалық кеңес жұмыстарына қатыстырылсын;
6. Жетім, жартылай жетім, жағдайы төмен, ата-ана қамқорлығынан айырылған балаларға бірінші кезекте көмек берілсін;
7. Талғар қаласының білім бөлімінің интернет – ресурсында есептерді орналастыратын және демеушілерден түскен ақша қаражатын бақылайтын арнайы шот ашылуы қарастырылсын.

Хатшы:

Кабылбекова Ж.Н.